2) развитие способностей, необходимых для получения избираемой профессии, с учетом потребностей общества;

3) оказание помощи дошкольникам в профессиональном самоопределении в зависимости от интересов, склонностей и способностей, состояния здоровья, пола и возраста и других индивидуальных особенностей дошкольников.

Игровая деятельность является обязательным условием формирования представлений о мире профессий у дошкольников, что, в свою очередь, способствует раннему профессиональному самоопределению дошкольника, которое мы рассматриваем как звено психического развития ребенка, осуществляемого посредством введения детей через игру в мир профессий как часть человеческой культуры, через его открытые проблемы, где продуктивное воображение становится ведущим механизмом, как ориентацию на труд, формирование и развитие интересов, склонностей и способностей дошкольника.

Большую роль в формировании представлений дошкольников о профессиональной деятельности взрослых играют сюжетно-ролевые игры профессионально-ориентированной направленности.

В ходе игры дети отражают некоторые элементы деятельности представителей различных профессий.

Каждая сюжетно-ролевая игра включает в себя определенный сюжет, выбранный

самими детьми или предложенный взрослыми. Польза таких игровых действий велика: отображая в игре профессиональную деятельность взрослых, дошкольники учатся распределять роли, последовательно и логично выполнять действия, связанные с сюжетом, расширяют свои познания о разнообразии профессий в мире.

Самыми распространенными в детском саду являются игры в семью, магазин, парикмахерскую, больницу. В них чаще всего участвуют девочки, а мальчикам интересны игры, воспроизводящие сюжеты любимых фильмов, приключения на корабле, самолете, поездку на автобусе, такси. Дошкольники, организовывая в группе кабинет врача, магазин или парикмахерскую, строя корабль или автобус, воссоздают знакомые сюжеты из обычной жизни.

Кроме традиционных сценариев (семья, магазин, больница, парикмахер, продавец), в сюжетно-ролевых играх можно также использовать и другие сценарии. Например, можно соорудить самолет из стульев и стать пилотом.

Нужно предлагать как можно больше вариаций игр, поскольку игра поможет детям усвоить правила поведения в общественных местах, больше узнать о разных профессиях

Роль воспитателя в игре может быть различной: он может быть прямым участником игры, советчиком, помощником и т.п. Но во всех случаях воспитатель, внимательно относясь к замыслам и стремлениям детей, не подавляя их инициативу и самостоятельность, влияет на содержание игр, создает условия для их развертывания, для развития детской изобретательности, творчества. Он помогает детям устанавливать взаимоотношения дружбы и взаимопомощи. В играх педагог изучает каждого ребенка, его интересы, индивидуальные способности, следит за его переживаниями, с тем, чтобы найти правильные пути и средства развития его личности, что и может явиться первой ступенью профилизации ребенка-дошкольника.

Очень важно с детского сада знакомить ребенка с профессиями, рассказывать о тех качествах характера, которые требует то или иное занятие. Часто дети выбирают те же профессии, которые имеют их родители. Так рождаются династии врачей, учителей, рабочих, ученых, артистов и др. Поэтому,

основное направление в работе с детьми дошкольного возраста ориентировано на: выявление на ранних ступенях развития способностей детей дошкольного возраста к разным видам деятельности; обеспечение реализации интересов, способностей, склонностей дошкольников.

Таким образом, задача детского сада – это привитие любви и уважения к людям труда, получение первоначальной профессиональной подготовки через учебную и воспитательную работу, овладение знаниями о роли трудовой деятельности человека в преобразовании окружающего мира, получение первоначальных представлений о мире профессий.





## “МОНТЕССОРИДІҢ ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІ” БАҒДАРЛАМАСЫ БАЛАБАҚШАДА

*Л. Жарылқапова*

*Жамбыл облысы Байзақ ауданы  
«Астана» балабақшасының  
меңгерушісі*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» - деп көрсеткендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой- өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасынан басталатыны бәрімізге белгілі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алғашқы сатысы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге ерекше мән берілуде.

2014 жылы эксперименттік жұмыс ретінде «Астана» балабақшасында «Монтессоридің ғажайып әлемі» бағдарламасы жасалып, оқу жоспарының вариативтік бөліміне енгізілді.

II сәбилер тобы, ортаңғы топ, ересектер тобының балалары эксперименттік және бақылау топтарға бөлінді.

*Бағдарлама үш бөлімнен тұрады:*

1. “Сенсорлық таным” (II кіші топқа арналған)
2. “Өз қолыммен жасаймын” (ортаңғы топқа арналған)
3. “Бәрін білгім келеді” (ересектер тобына арналған)

Эксперименттік топ балаларымен “Өзім жасауыма көмектес” үйірмесі (ғарыш, тәжірибе өмір аймағы) өткізіледі.

М.Монтессори әдістемесі бойынша тәжірибе бес аймақта жүргізіледі:

- Ғарыш аймағы;
- Тәжірибелік өмір аймағы;
- Тіл дамыту аймағы;
- Логика аймағы;
- Сенсорлық даму аймағы.

*Сенсорлық даму аймағы.* Бұл аймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді — материалдар арқылы көру, есту, сипап сезу сезімін, иіс сезу, дәм сезу, температураны ажырату, заттардың салмағының айырмашылығын білу және есте сақтау қабілетін жаттықтырады.

*Тәжірибелік өмір аймағы.* Тәжірибелік өмірдің жаттығулары (ТӨЖ) кішкентай балалар үшін ерекше маңызды. ТӨЖ аймағында бала өзіне және өз заттарына қарауға көмектесетін материалдар орналасқан. Материалдар бала өзі істейтін ісінің мақсатын айқын түсінген жағдайда тандап алынады. Бала өзі киінуге (түйме, кнопка, сыдырма, жіпшелер, түйрегіштер, баулар, банттар, ілмектер сияқты заттар салынған рамкаларды пайдалана отырып) үйренеді, ұқыпты бір нәрсені құюға, төгуге, ыдыс жууға, айна сүртуге және шын үтікпен оны үтіктеуге, салаттар жасауға (көкөністі тазалауға, кесуге, майдалауға), жаңғақ шағуға, нан кесуге, тіпті аяқ киім тазалауға үйретеді.

*Логикалық аймақ.* Сенсорлық материалдармен жұмыс істеп, логикалық ойлауды үйренген соң бала еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды.

*Тіл дамыту аймағы.* Балаға тілді алып жүруші ретінде тілін дамытуға арналған (онсыз толыққанды интеллектуалды өсуі мүмкін емес болғандықтан) тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық (қимылдық) дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету т.б. қарастырылады. Бұл жерде бала жазу, әріптерді салуға, манна жармасында сурет салуға, сондай-ақ, жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйренеді.

*Ғарыш аймағы.* Бала қалаған жұмыс аймағы мен нақты Монтессори-материалды өзі таңдайды. Ол жалғыз өзі немесе басқа балалармен жұмыс жасауын таңдайды. Бала өзі қарқынында жұмыс жасайды. Монтессори әдісінде жарысқа түсу жоқ.

М.Монтессоридің құралдарының балабақшада маңыздылығы — балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға

болады.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие жүйесін жетілдіру мақсатында баланың өмірде интеллектуалды, танымдық қабілеті дамыған тұлға болуы үшін М.Монтессоридің ерте даму әдістемесінің маңыздылығы өте жоғары. Қазіргі кезеңде баланың ерте дамуы өте танымал болуда. М.Монтессори — дәстүрлі оқыту бала дамуын бәсеңдетеді деген ой қорытындылап, бала дамуын жеделдету керек деген мақсат қойды. Таңқаларлығы бала табиғатын бақылай отырып, оның дамуына бөгет болмай, ересектер бала дамуын жолға қоюға бағыт беру керек деп есептеді. Италиян психологы М.Монтессоридің түсіндіруінше, баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі — оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады. Бұл технологияның ерекшелігі: оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне қарай үлкендермен бағаланады. Мұндағы басты мәселе, бала өзін-өзі бағалайды.

М.Монтессори үшін адамның рухани дамуы оның психофизикалық дамуымен тығыз байланысты. Монтессори үнемі интеллект, ойлаушылық қабілеттердің, жалпы дамуы үшін қабылдау және сезім мүшелерінің, қимылдық аумақтың дамуы маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Бұл әдіс әрбір жеке баланың қажеттілігіне, қабілетіне, дарынына негізделеді.

М.Монтессоридің тұжырымы бойынша, баланың дамуы оны қоршаған заттық-кеңістік және элеуметтік ортамен өзара әрекет етеді.

М. Монтессори жүйесі бойынша «дайындалған орта» деген термин қолданылады. Ол әр баланың өзінің жеке дара қарқынында дамуға мүмкіндік беруі тиіс. «Дайындалған орта» — баланың қызығушылығын тудыратын және оны өзінше жасап құрастыруға арналған әртүрлі заттардан тұрады. Балабақшамызда Монтессори әдістемесін ұлттық педагогикалық әдет-ғұрыппен байланыстыра отырып жұмыс жүргізілді. Балалармен жұмыс жасағанда құрақ көрпешелерді пайдаланып, қазақтың ұлттық ою-өрнектері құрастырылды. Сондай-ақ, балалардың қолдарының ұсақ

моторикасын дамыту барысында әжелеріміздің ұршықтарымен жүн иіру, түту тәсілдері де пайдаланылды.

Эксперименттік жұмыстың І кезеңінде «Бота» Қоғамдық Қорымен бірлестікте жұмыс атқарылды. Қордың Монтессори әдістемесі бойынша жұмыс жасайтын құрал-жабдықтары пайдалануға алынды, балабақша педагогтары қосымша білім беру арнайы курстардан өтіп, сертификаттарды иеленді. Жұмыс барысында эксперимент алаңының педагогтары қажетті материалдарды өз қолдарымен дайындады. Нәтижесінде «Бота» Қоғамдық Қорымен бірлесе отырып аудан көлемінде «М.Монтессори методикасының бала тәрбиесіндегі маңызы» тақырыбында семинар-практикум өткізілді.

Осы жұмыс барысында балабақша педагогтары Жамбыл облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «М.Монтессори әдістемелік жүйесінің мектепке дейінгі жас балаларын дамытудағы маңыздылығы» атты облыстық вебинарда, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты ұйымдастырған іс-шараларға белсене қатысып, алғыс хат пен дипломдармен марапатталды.

Қорыта келе, М.Монтессори жүйесі бойынша жұмыс жүргізу барысында ұйымдастырылған ғылыми-педагогикалық эксперименттің нәтижесінде арнайы бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, жарық көрді, озық іс-тәжірибелер насихатталды.







БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУДА  
МНЕМОТЕХНИКА ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ



*Л. Б. Жүнісова*

*№ 32 «Балдәурен»*

*балабақшасының тәрбиешісі*

*Астана қаласы*

*Балалар үздіксіз іс-әрекеттерді талап етеді, олар іс-әрекеттерден емес олардың бір түрлілігінен шаршайды.*

*К.Д. Ушинский*

Мектепке дейінгі білім беру дамуының заманауи кезеңінде өзекті міндеттердің бірі мектепке дейінгі жастағы балалардың тіл кемістігін түзету үдерісінің тиімділігін жоғарылату болып табылады.

Біздің балабақшадағы топтарда кейбір балалардың тілдері толық жетілмегендер кездеседі. Балалар тілдерінің дамымай қалуы әртүрлі дәрежеде көрінеді: бұл былдыр сөз, сөздің жоқтығы және фонетика-фонематикалық элементтерімен бұрмаланып сөйлеу немесе лексика-грамматикалық дамымай қалуы.

Тілі толық дамымаған балалардың сөздік қоры аз болады, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыра алмайды, дыбыстарды дұрыс айтпайды.

Ал, мектепке дейінгі балалардың байланыстыра сөйлеу кезінде мнемотехника тәсілдері тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Сондықтан, мнемотехника тәсілдерін біздің балабақша педагогтары белсенді қолданады. Т.А.Ткаченко, Е.А.Иванова, В.П.Глухов, Л.Н.Ефименкова сияқты авторлардың еңбектеріне тәрбиешілер сүйенеді.

Мнемотехника – қосымша ұғым қалыптастыру жолымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау қабілетін ұлғайтатын әртүрлі тәсілдер жүйесі.

Мнемокестені пайдалану жан-жақты дамытуға көмектеседі:

- ассоциативтік ойлау;
- байланыстыра сөйлеу;
- көру және есту қабілеттерін

дамыту;

- зейін қою;
- қарапайым математикалық түсінік;
- ұсақ моторика.

Бастапқы кезде балаларға бұл сызба-кестелермен жұмыс істеуді үйрету кезінде келесідей жұмыстар жүргізіледі:

- берілген тақырыптың мәтінін айтуда сызба-кестесін қолданар кезде оның кестелері тек сурет арқылы берілді. Мысалы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі балаларға таныс (1-сурет). Бұл ертегінің мәтінін балалар біледі. Ал, енді оның мазмұнын айту үшін сурет кестесі қолданылады. Балалар ертегінің жүйесін шатастырмас үшін бұл суреттер ретімен қойылады. Балалар суретке қарап отырып, ертегіні айтып береді.

- сызбалармен жұмыс істеуді игере бастаған кезде нақты суреттермен сызбалар араластырылып берілді. Мысалы: Ж.Жанаевтың «Жайлауда» өлеңін жаттау үшін оның мәтінін ашатын тірек кестелері сурет пен сызба араласып келген.

- сызба–кестелермен жұмыс істеуді игерген кезде тапсырманың мәтіні тек тірек-сызбалар арқылы берілді. Мысалы: «Заттарды суреттеу» немесе «Менің сүйікті ойыншықтарым» сияқты берілген тақырып бойынша әңгіме құрарда тек тірек сызбалар беріледі (2-сурет). Ал, балалар оған қарап түсін, пішінін, қасиетін, қай топқа жататынын, не үшін қажеттігін, неден жасалғанын айта алады.



1-сурет



2-сурет

Ата-аналар ақпаратты жаттаудың қызықты және пайдалы әдісін меңгеруге белсенді қосылды. Сонымен бірге, балалардың тек тілдерін дамытып қоймай, бұл әдісті логикалық ойлауын, қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыруды дамыту үшін қолданылады. Балабақша педагогтарының шығармашылық тобы сандар құрамын және оның алгоритмін игеруге мнемокестелерін өңдейді, ересектер және мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері кеңінен өз тәжірибелерінде қолданады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық тіл дамуының өсуі туралы ең толық түсінігін айқындау мақсатымен кезеңмен диагностикалық зерттеулер өткізіледі.

Балалар туылған уақыттан бастап заманауи жоғары технологиялық жетістіктермен танысып қолдана бастайды: теледидар, интернет, компьютерлік ойындар, интерактивті ойыншықтар және басқалар. Ақпараттық-коммуникативті технологияларды (АКТ) қолдана отыра тілдің морфологиялық жүйесінің бұзушылықтарын жеңіп шығуға бағытталған ойындар да

қолданылады. Интерактивтік тақтада қолданылатын ойындар 5-10 минут және жұмасына 2 реттен артық өткізілмейді. Компьютерлік ойындар сөздің тілдік функциясының барлық компоненттерінің қалыптасуына, сенсорлық эталондар, логикамен ойлануға ынталандыруға ғана себебін тигізіп қоймай, сонымен бірге, оқу қызметіне мотивациясын жоғарылатуға да себебін тигізеді.

Қорытындылай келе, мнемотехника тәсілі бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда міндетті түрде белгілі бір талаптар сақталуы қажет. Берілген тапсырманың:

- көлемі ықшам болуы;
- артық зат болмауы;
- образдылығы, ассоциативтілігі

қызығушылық туғызу керек.

Педагогтар мен балалардың бірлесіп жұмыс жасауының нәтижесінде балалардың сөздік қоры мен байланыстыра сөйлеу қабілеттері дамып, қарым-қатынас мәдениеті, түрлі әлеуметтік рөлдерді орындау, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасау, өз көзқарасын дәлелдеу іскерлігі меңгерілді. Бала мен тәрбиешінің арасындағы ынтымақтастығы қалыптасты. Диагностика қорытындысынан балалардың жылдан-жылға сөздік қоры молайып, тілдің дыбыстық мәдениеті жетіліп, тілдің грамматикалық құрылымы қалыптасқаны көрінді.

Жан-жақты дамыған, білімді, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға тәрбиелеу біздің міндетіміз.





## БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕШІ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕРІ

**Н.Е.Сақманова**

*«Алтамыс» балабақшасының  
тәрбиешісі  
Қызылорда қаласы*

«Тәрбие тал бесіктен басталады» - деген дана халқымыз. Демек, баланың қоғамға өзіндік пайдасын тигізер тұлға болып дамып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын – балабақша. Отбасындағы тәрбие баланың жан-жақты дамып қалыптасуына аздық етеді. Сондықтан, бала дамуының негізгі баспалдағы балабақшада қаланады.

Бүгінгі таңда болып жатқан өзгерістерге байланысты тәрбиеші мен ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып, бірлесе жұмыс жасау маңызды.

Қазіргі заман балғынының талғамы биік десем болады. Олар айналасында болып жатқан әрбір құбылысқа, іс-әрекеттерге өз ойларын айтып, көзқарастарын білдіре алады. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» - деп бекер айтылмаған. Баланың бойына мейірімділік, қайырымдылық, елжандылық, еңбексүйгіштік, адамгершілік сынды құнды қасиеттерді жастайынан сіңірудің маңызы зор.

Жиырма бірінші ғасыр – ғаламдану дәуірі. Ақпараттық кеңістіктегі жаңашылдық білім беру саласын да қамтымай өтпейді. Міне, осы тұрғыда қазіргі тәрбиешілерге артылып отырған жүк ауыр. Ұрпақ тәрбиесі жолында инновациялық үдерістерге де ілесіп отыруы шарт.

Өзімнің педагогикалық тәжірибемде түйгенім, қай дәуірде болмасын, әр тәрбиеші оқытудың жаңа мазмұнын өз тәжірибесіне енгізіп, үнемі ізденіс үстінде жүруі қажет. Мол ізденіссіз тәрбиешінің ісі өрге баспайды, тоқырауға ұшырайды. Сол

себептен, әрбір тәрбиеші жыл сайын өзінің оқу іс-тәжірибесіне жаңалық ендіріп отыруы тиіс. Білімді жетілдіру, түрлі семинарларға, шеберлік сағаттарына қатысу да, ата-анамен жұмыс жүргізуде кәсіби құзыреттілікті арттырып, шығармашылықты шыңдауға жол ашады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды жаңашылдықпен әрі қызықты етіп қалай ұйымдастыруға болады? Ол үшін біз ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау мақсатында сауалнамалар алынады.

Тәрбиешіге жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасағаны тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар, ата-аналардың ұсыныс-тілектерін ескере отырып, ата-аналарға арналған әңгімелер мен дәрістер, кенестер мен сұрақ-жауап кештері, конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Әрбір тәрбиеші ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі педагогикалық технологияларды пайдаланады, яғни ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі мекемедегі ата-анамен жұмыс жасаудың ғаламтор желісі арқылы байланыс орнату біздің балабақшада оң жолға қойылған. Ата-ана кез-келген уақытта тәрбиешімен онлайн-байланысқа шығып, баласының қабілетін, ынтасын



ортадағы бейімділігін жақынырақ білуге мүмкіндік алады. Мәселен, аптасына бір рет оқу-іс әрекетін балғын өткізіп алса, тәрбиеші ата-анаға интернет желісін пайдаланып, тәрбиеленуші қалыс қалған тапсырмаларды мүмкіндігінше үй жағдайында орындауға кеңес береді. Керек десеніз, баланы қызықтыратын ойындар мен оқу іс-әрекеттерін де ата-анаға онлайн-байланысы арқылы жеткізуіне мүмкіндік бар. Қазіргі жұмыс басты ата-аналарға жаңа шыққан баланың ойын дамытатын ойындар мен жаттығу сайттарының атауларын ата-ана қарауына жібере алады. Сол кезде баланың бос уақытын ата-ана тиімді пайдаланады. Сонымен қатар, қазіргі кезде тәрбиеші WhatsApp байланысында ата-аналар конференция ашып, ата-анамен тығыз байланыста болуына болады. Бұл ата-анамен жұмыс жасауға өте ыңғайлы және күн тәртібі бойынша жоспарланған жұмыстар барысынан видео, фото жүктей алады. Ата-анада мына жұмысбастылық уақытта балабақшада күнделікті қандай жұмыстар жүргізілетініне көз жеткізе отырып, өз ұсыныс-пікірлерін айта алады. Тәрбиеші ата-ана ұсыныстарын өз жоспарына енгізіп жеке баламен жұмысында қамтиды.

Балабақшамызда жүргізілетін ата-анамен жұмыстардың тағы бір атап өтетін түрі — мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмыс.

Бұл аталған жұмыстың негізгі мақсаты — мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамтылмаған балалардың, білім беру мекемелерімен қамтылған балаларға сай дәрежеде мектепалды даярлық курсынан өтуіне мүмкіндік жасау. Қамтылмаған балалардың ата-аналарына үй жағдайында баланы тәрбиелеудің тиімді тетіктерін үйретіп, баланы қызықтыратын ойын құралдарымен танысып, танымдық материалдармен жұмыс жасай білуге кеңестер алады. Міне ата-анамен жұмыстың осындай түрі 2011 жылдан бері балабақшада әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бұл жұмыстың нәтижесі өз жемісін беруде.

Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең алдымен әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» - деген екен. Өмірлік тәжірибе ұлы жазушымыздың сөзінің құдіреттілігін байқатады. Бірігіп жасаған еңбектің соңы жемісті. Біз осы бағытта әлі талай жұмысты жаңаша атқаруды жоспарлаудамыз. Себебі, жарқын болашаққа жол бастар өскелең ұрпақты тәрбиелеу – басты парызымыз!





ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰРПАҚ ЖАЛҒАСЫ

*Д. Нызманбекова*

*Аягөз қазақ мектеп-лицейінің  
бастауыш сынып мұғалімі  
Шығыс Қазақстан облысы*

Бүгінгі таңда ұлтымыздың мәдениеті, тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрі, салтының тағдыры мен болашағы жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты.

Тәрбиені қашан да құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне аса назар аударған. Ал, оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық.

«Ұлт боламын десен, бесігіңді түзе», – деп ұлы Мұхтар Әуезов бекер айтпаған. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да, ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр деуге де болады. Сонда болашақ ұрпақты тәрбиелерде қандай бағытты ұстау қажет деген ой көкейге ұялайды. Яғни, балаға ертегі айта отырып, өлеңді жатқа айтқызып, білім мен тәрбиені егіз ұғымда қатар жолға қойылатын болса, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға негізделері анық. Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын», – деп айтқан.

Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін көне тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу, тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Батырлар жырлары мен ертегілердің түрлерінде де көзделетін мақсат келер ұрпақты батыр, қырағы, алғыр азамат етіп тәрбиелеу. Жастарға балбөбек кезінде ұлттық тәрбиені сіңіру тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Оған қоса, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, санасына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Әр түрлі ою-өрнектермен әшекейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру де абзал. Халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату – бала бойына патриоттық сезімін ұялататын бірден-бір тәсіл болмақ.

Ұрпақ тәрбиесінің ежелден келе жатқан халықтық әдістерінің бірі — балаға ақыл–өсиет айту және сөз арқылы баланың көзін жеткізе отырып, сенімін арттыру. Ақыл–өсиет сөздер, ырым, тыйым сөздердің бала санасына кіріп, ой қалауына қажетті жағдай жасайды.

Ырымдар мен тыйым сөздер халқымыздың айналаны қоршаған орта, табиғат, өзара қарым-қатынас туралы өмірдің өзінен түйіндеген пайымдаулары мен қағидаларын, философиялық тұжырымдары, әлеуметтік және мәдени тұрмысының көрсеткіші болып табылады, сондықтан жас бүлдіршіндерді жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен жануарларды, аңдар мен жәндіктерді қорғауға, оларға рақымшылдық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелеу керек.

Ырымдар мен тыйым сөздерді мазмұны мен мақсатына қарай:

- тұрмыстық — шаруашылыққа, еңбекке баулу;
- мәдени — гигиеналық машығын қалыптастыру;
- экологиялық тәрбие беру;
- әдеп мәдениетіне тәрбиелеу;

- қауіптен сақтандырып, қазақ халқы өз ұл-қыздарының оғаш та, осал қылықтарын сынап, тыйып, тәрбиелеп отырған.

Ырымдар мен тыйым сөздер баланы ағаттық жасаудан, қауіптен сақтандырып, ақыл айтып, адамгершілік қасиетке тәрбиелейді. Мысалы, ата-бабамыз «Көкті жұлма», «Тал кескенше қолыңды кес», «Қарағай кессең қайғырып қаласың» деп өсіп тұрған ағашты кескізбеген. «Ағын судың арамы жоқ» — деп суға дәрет сындырмаған, «Судың да сұрауы бар» деп ағын суды бұрғызбаған. «Құстың қарғысына ұшырайсың» деп құстың ұясын «бұздырмаған», «бетіңе шұбар түседі» деп құстың жұмыртқасын жарғызбаған, қарлығашты киелі құс деп санаған. «Нан үстіне басқа зат қойма», «Нанды бір қолыңмен үзбе», «Нанды лақтырма», «Ақты төкпе» деп халқымыз асты қадірлеуге үйреткен.

Сондықтан да, ұлттық рухымызды тіктеп, халықтық негіздеріне бетбұрыс жасап отырған қазіргі кезде ұсақ-түйекті санамай, әдептілік, имандылық негізі болып табылатын, халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын тәрбиемен сабақтастыра отырып, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, өскелең ұрпақ бойына ұлттық психологияны қалыптастыру үлкен міндетіміз.





*«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы  
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президент  
күніне орай өткізілген «Ән шырқайық бәріміз!»  
балалардың ән айту сырттай республикалық байқауын  
ұйымдастырды (Жалғасы, басы №3, 2015 журналында)*

### «Ең үздік дуэт» номинациясы



**Бас жүлде иегерлері**  
*Аманкелді Дамир және Алибек Айназ*  
*Астана қаласы №65 «Бал бала» балабақшасы*



### I орын иегерлері

*«Нұр» дуэті Ғани Мәрлен және Досмұхан Ақпейіл*  
*Жамбыл облысы Аса ауданы «Сәуле» балабақшасы*

## II орын иегерлері



*Арсланбек Айдан және Шымырбай Назгүл  
Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы  
№6 орта мектебінің мектепалды тобы*

## III орын иегерлері



*Акимов Никита және Диана Исмухамбетова  
Қостанай облысы Рудный қаласы  
Тәрбиеленушілерді мектепке дейін  
оқытып-тәрбиелеу, дамыту орталығы*



## «Ең үздік үштік» номинациясы




**Бас жүлде иегерлері**  
*Ғалым Сабина, Ілесбек Нұрсұлтан, Қалаубек Нұрай*  
*Жамбыл облысы Тараз қаласы №39 балабақшасы*

## I орын иегерлері



**Бейсенбай Нұрдәулет, Тасмұқанов Сардар, Назбек Жалғас**  
*Астана қаласы №45 «Самұрық» балабақшасы*

## II орын иегерлері



*Алиева Раяна, Ишкачева Полина,  
Кенжебаева Дарина, Жетписова Амира*  
Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігі білім бөлімінің  
№21 «Кішкентай данышпандар» ресурстық орталығы

## III орын иегерлері



*Сүгірова Фатима, Русланова Алина, Ибрагулова Дильназ*  
Маңғыстау облысы Ақтау қаласы  
№14 «Айгөлек» балабақшасы

### III орын иегерлері



**Бекболатова Дарина, Баймұхаметова Саяна,  
Сидорова Карина**

*Қостанай облысы Қарабалық ауданы  
М.Горький атындағы №1 Қарабалық орта мектебінің  
мектепке дейінгі білім беру сыныбы*

### Алғыс хат иегерлері

#### «Ең үздік орындаушы» номинациясы

**Асқар Аяулым** - Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылы «Бәйтерек» балабақшасы  
**Жантасқызы Жания** - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы «Қызылжар» жалпы орта мектебі  
**Оңласбек Ақниет** - Алматы қаласы №69 бөбекжай-балабақшасы

#### «Ең үздік үштік» номинациясы

**Искаков Александр, Деревянкина Арина, Сандыбаева Милана** -  
Қостанай облысы Лисаковск қаласы «Ивушка» балабақшасы

## У казахстанцев есть новый механизм накапливать деньги на обучение детей с получением процентных бонусов от государства

### Государственная образовательная накопительная система



С 2013 года в Казахстане начала функционировать Государственная образовательная накопительная система (далее - ГОНС).

Система позволяет каждому гражданину Республики Казахстан открывать на свое имя либо на имя ребенка образовательный накопительный вклад, который в будущем можно будет использовать на оплату обучения в колледжах и вузах Казахстана и за рубежом. Оператором данной системы является АО «Финансовый центр».

На сегодняшний день уже открыто порядка **13 000 образовательных накопительных вкладов**.



#### Особенности образовательного накопительного вклада:

- Премия государства, как вид дохода, не подлежит налогообложению;
- Образовательные накопительные вклады являются объектом гарантирования Казахстанского фонда гарантирования вкладов до 10 млн. тенге;
- Минимальный первоначальный взнос – 3 МРП (5 946 тенге в 2015 г.);
- Срок накопления – до 20 лет;
- Возможность получить образовательный кредит в банке под 100% гарантию государства в лице АО «Финансовый центр» МОН РК.

**\* Премия государства и вознаграждение банка капитализируются и в целом доходность составляет от 15,5%, за счет чего вкладчик, приобретая услуги образования, экономит на расходах до 30-40%.**

Для открытия образовательного накопительного вклада необходимо:

1. **ШАГ** – Выбрать один из банков-участников ГОНС;
2. **ШАГ** – Открыть образовательный накопительный вклад.
3. **ШАГ** – Внести первоначальный взнос.

Документы:

- удостоверение личности одного из родителей;
- свидетельство о рождении и ИИН ребенка.



[WWW.RC-DD.KZ](http://WWW.RC-DD.KZ)  
**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РММ**  
АСТАНА ҚАЛАСЫ, VIP-ҚАЛАШЫҒЫ, 3  
ТЕЛ. 29 56 29, E-MAIL: RCDD\_INFO@MAIL.RU

